

АЛАЯҚПЕН АҚША ОЙЫНЫ

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ



«КЕКІЛБАЕВ ТҰЛҒАСЫ» ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Еңбек етпесең, жиған білімің кәдеге жарамай жатқан минерал секілді. Оның ішін аршып, асыл кенін жарқырату үшін еңбек керек, қол мен ой қимылы керек.

Қаныш СӘТБАЕВ

№45
(4943)
Сенбі
18 сәуір
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



«JOLTAP» ЖОБАСЫ – ТИІМДІ МОДЕЛЬ

Астанада 2023 жылдан бері жүзеге асырылып келе жатқан «J0LTAP» әлеуметтік жобасы елорда тұрғындарын мамандыққа қысқа мерзімді оқыту және жұмысқа орналастыру бойынша жүйелі жұмыс атқарып келеді. Бүгінде жоба аясында әртүрлі мамандықтарды үйретуге арналған 18 курс іске қосылған. Жоба басталғалы 20 мыңға жуық адам оқудан өтсе, 10 мыңнан астам адам тұрақты жұмысқа қабылданған.

АСТАНАДАН ЕРЕВАНҒА ҰШАДЫ

Астана – Ереван – Астана бағыты бойынша жаңа халықаралық әуе рейсі іске қосылады. Бұл туралы Астана халықаралық әуежайының баспасөз қызметі мәлім етті.

«20 сәуірден бастап Shirak Avia әуе компаниясы осы Астана мен Ереван арасында тұрақты рейстерді бастайды. Рейстер аптасына бір рет, дүйсенбі күндері жүзеге асырылады» делінген хабарламада.

Жаңа тікелей әуе бағыты Қазақстан мен Армения арасындағы жолаушыларға ыңғайлы қатынау мүмкіндігін ұсынып, екі ел арасындағы туристік, іскерлік және мәдени байланысты нығайтуға септігін тигізеді.




Сұлтан СЕЙІТ

САПАЛЫ ЖОЛ – ЖАЙЛЫ ҚАЛА КӨРІНІСІ

Елордада көктемгі жол жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Жолдағы пайдалану мерзімі өткен асфальт төсемін ауыстыру, сондай-ақ қар мен мұздың салдарынан орын алған шұңқырлар мен жарықтарды жөндеп қалпына келтіру жұмыстары тәулік бойы атқарылуда.

4



АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ

18-19 СӘУІР

Жәрмеңкеде көкөністер мен жеміс-жидектерді, ет, ұн және сүт өнімдерін, наубайхана тауарларын тиімді бағада сатып ала аласыз. Жәрмеңке сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін өтеді. Өтетін орны: «Keryen Joly» сауда орталығы, Алаш тасжолы, 35Б. Келушілердің ыңғайы үшін жәрмеңке өтетін орынға №7, 11, 39, 41, 45, 53, 59, 81, 307 және 317 бағыттағы автобустар қатынайды.

№45 (4943) 18/04/2026 Сенбі



КӨПЖАҚТЫ ДИПЛОМАТИЯ БЕЙБІТШІЛІККЕ БАСТАЙДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Анталия дипломатиялық форумының «Mapping Tomorrow, Managing Uncertainties» панельдік сессиясына қатысты. Іс-шараны Түркия Парламентінің депутаты, бұрынғы сыртқы істер министрі Мевлют Чавушоғлы жүргізді.



Мемлекет басшысы Түркия Режеп Тайип Ердоғанның басшылығымен халықаралық аренадағы беделін арттырып келе жатқанын айрықша атап өтті.

«Ең алдымен, көреген көшбасшы Режеп Тайип Ердоғанның жетекшілігімен Түркияның осы аймақта зор рөл атқаратынын айтқым келеді. Өңір әлсін-әлсін бетпе-бет келіп отырған өзекті мәселелердің шешімін табуға елдеріміз айтарлықтай атсалыса алады деп ойлаймын. Орайлы сәтті пайдалана отырып, Президент Ердоғанның келесі айда Қазақстанға жасайтын мемлекеттік сапарына ерекше мән беріп отырғанымызды жеткізгім келеді» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Содан кейін Қазақстан Президенті биыл әлемдік қоғамдастық алдында тұрған және жақын перспективадағы халықаралық күн тәртібін қалыптастыратын негізгі сын-қатерлер мен үрдістер жөніндегі ой-пікірімен бөлісті. «Дипломаттар мен саясаткерлер адамзат жолайрықта тұр дегенді мысал етеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының бұрынғы Бас хатшысы Кофи Аннанның: «Біз әлі де жолайрықта тұрмыз» деп жиі айтатыны есімде. Халықаралық шиеленісті азайтуға қатысты айтар болсақ, бұл жағдай ешқашан өзгермейді. Қазіргі қақтығыстар өңірлік ауқымнан шығып, жаһандық сипатқа ие болды. Әрине, БҰҰ – баламасы жоқ әмбебап ұйым, сондықтан әрбір мемлекетке белгілі бір жауапкершілік жүктеледі. Біріккен Ұлттар Ұйымына қолдау көрсету керек екенін жұрттың бәрі айтады. Бұл – факт. Бірақ Ұйымға қолдау көрсетіп қана қоймай, оған реформа жасау керек. Бұл да шындық. Ашығын айтқан жөн, «Ұйымға тез арада реформа жасалады» дегенге ешкім сенбейді. Өйткені БҰҰ-ны реформалау, өзгерту, қызметін қайта қарау мәселесін көптен бері көтеріп жүрміз. Одан ешқандай нәтиже шыққан жоқ. Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау, ең алдымен, Қауіпсіздік Кеңесінен басталуы керек екенін мойындауымыз қажет» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі көшбасшылардың бойынан табылуға тиіс қасиеттерге тоқталды. «Жаһандық көшбасшылар, әлемнің әр қиырындағы жекелеген мемлекеттердің жетекшілері, ең алдымен, халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілік мәселелеріне жауапкершілікпен қарауы қажет деп санаймын. Қазіргі сәтте стратегиялық ұстамдылық өте маңызды. Менің ойымша, бүгінгі күрделі әрі қарама-қайшылыққа толы әлемдегі шиеленістердің түйінін тарқату аса қиын емес. Жай ғана жауапкершілік танытып, сабырлы болу қажет» деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы Таяу Шығыстағы ахуалға қатысты пікірін жеткізді. Президент келіссөздер барысында басты мәселелерге ден қою керек деп санайды. «Әлемде орын алған жағдайларға байыппен қарауға кеңес берер едім. Мәселен, бәрі Иранды талқылап жатыр. Әрине, бұл елдегі ахуал өте күрделі. Оған қатысты қандай да бір пікір айту қиын. Қазақстан Шығанақтағы елдерге тілектестігін білдірді. Біз тараптарды стратегиялық ұстамдылыққа және әскери іс-қимылды тоқтатуға шақырдық. Бұл қақтығыстың ауыр салдарын бәрі сезінді. Ең әуелі экономика құлдырады. Бүгінде Ормуз бұғазында кемелердің еркін жүзуіне қойылған тосқауыл туралы айтылып жатыр. Бірақ дәліздің қақтығысқа дейін еркін сауда жасауға ашық болғанын ескеру қажет. Сондықтан мәселенің мәніне үңілгеніміз жөн. Ал түйткіл ядролық технология мен ядролық қарудың таралуында еді. Бұл Иран төңірегіндегі қақтығысқа қатысты келіссөздердің басты тақырыбына айналуы керек. Бірақ қазір жаһандық сауда мәселесін талқылауға көшіп кеттік. Қиындықтарға қарамастан, ғаламдық сауда-саттық көлемі өсіп келеді. Былтырдың өзінде өсім 2,5 пайызды құрады. Яғни әлемдік саудадағы жағдай жаман емес. Алайда сауда-саттықтың сапасы мен мазмұны – үлкен проблема» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау мәселесіне жауапкершілікпен қарауға шақырды. Сонымен қатар Қауіпсіздік Кеңесі тұрақты мүшелерінің ұстанымын Ұйымдағы дағдарыстың басты себептерінің бірі ретінде атады. «Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау туралы айтқанда, барынша прагматикалық көзқарас ұстануымыз керек деп санаймын. Әйтпесе, алдағы уақытта да жолайрық, стратегиялық құндылықтар мен басқа мәселелер жайында айта береміз. Біз жаһандық, өңірлік кездесулер, конференциялар мен түрлі жиындар өткіземіз. Қазақстан және Түркия сияқты орта державалардың маңызы мен оң ықпалын атап өткім келеді. Әрине, әлемде бізге ешкім тең келмейді деп мақтанудан аулақпын. Бірақ жаһандық үдерістерде жоғары деңгейде жауапкершілік танытып жүрміз. Мұны дипломатиялық іс-әрекетіміз көрсетіп отыр. Сондықтан жаһандық мәселелердің шешіміне жиі қарсы келетін Қауіпсіздік Кеңесіндегі ірі державалардан гөрі орта державалардың жауапкершілігі жоғары десек, артық болмайды» деді Мемлекет басшысы.

Келесі сұрақты қояр алдында Мевлют Чавушоғлы Қасым-Жомарт Тоқаевтың дипломатиядағы тәжірибесінің мол екеніне назар аударды. «Президент Тоқаев – халықаралық жүйені, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымын өте жақсы білетін әлемдік көшбасшылардың бірі. Ол БҰҰ Бас хатшысының орынбасары лауазымында қызмет еткенін білесіздер. Сол уақытта мен Еуропа Кеңесі Парламенттік ассамблеясының төрағасы болдым. Қасым-Жомарт Тоқаев бауырлас Қазақстан халқының игілігі жолында аянбай еңбек ете жүріп, халықаралық жүйенің тиімділігін барынша арттыруға үлес қосып келеді» деді модератор.

Мемлекет басшысы БҰҰ мен басқа да халықаралық институттарды жетілдіру жөніндегі ойымен бөлісті. «Біз өңірлік және жаһандық қақтығыстарды талқылаймыз. Алайда Сіз Түркияның бұрынғы сыртқы істер министрі ретінде келіссөздер БҰҰ мен басқа да ірі халықаралық ұйымдар алаңында емес, одан тысқары жерлерде өтіп жатқанын аңғарған шығарсыз. Тараптар БҰҰ-да емес, белгілі бір елдердің астаналарында, жекелеген конференц-залдарда кездеседі. БҰҰ жоғары өкілдерінің қақтығыстарға араағайындық жасағанын көре бермейміз. Бұл – ойланатын мәселе. Демек, БҰҰ-ның рөлі төмендеп кетті деген сөз. Мен оған қатты алаңдаймын. Өйткені өзім де БҰҰ мен басқа да халықаралық ұйымдарда қызмет еттім. Қазір жұрт келесі БҰҰ Бас хатшысы кім болады деген тақырыпты талқылап жатыр. Менің ойымша, бұл аса маңызды емес. Ең басты түйткіл, ұйым қазіргі күйінде әрі қарай қызметін жалғастыра ала ма?» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектінің халықаралық ұйымдар қызметіне ықпалын зерделеуге шақырып, жаһандық Ұйымды түбегейлі реформалау қажет екеніне тоқталды. «Әлгінде айтқанымдай, өте өзекті халықаралық мәселелердің шешілуіне Қауіпсіздік Кеңесінің өзі кедергі келтіріп отыр. Бұл оғаш, бәлкім, ақылға сыймайтын жағдай. Адамдар, дипломаттар мен саясаткерлер басқа алаңдарда келіссөз жүргізуге мәжбүр. Айтпақшы, бұл проблеманы былтыр қыркүйек айында өткен БҰҰ Бас ассамблеясының кезекті сессиясында Президент Дональд Трамп дәл сипаттады. Мен онымен толық келісемін. Ол БҰҰ штаб-пәтеріндегі бұзылған телесуфлер мен эскалаторды сынға алып, «БҰҰ-да бәрі істен шыққан!» деді. Алайда ең маңызды мәселе – Біріккен Ұлттар Ұйымында және басқа да халықаралық құрылымдарда бейбітшілікті сақтау үдерісі тоқырап тұр. Мен – көпжақты дипломатияның жақтаушысымын. Бейбітшілікке бастайтын әділдік идеясының төңірегіне топтасқан адамзаттың жарқын болашағына әлі де сенемін» деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, БҰҰ-ға уақыт талабына сай келмейтін идеялар мен ұстанымдардан арылу қажет. «Аталған Ұйымның негізі 80 жыл бұрын қаланды. Кейбір адамдар ұйым әбден ескірді, құлдырап бара жатыр деген пікір айтады. Келісуге тура келеді. Бізге БҰҰ Жарғысына мұқият мән берген жөн. Жарғыда «дұшпан мемлекеттер» деген ұғым бар. Рас, 80 жыл бұрын бәрі түсінікті еді. Ал қазір әлгі «жау елдер» Ұйымды қаржыландыру және бейбітшілікті қолдау ісінде маңызды рөл атқарып отыр. Ең бастысы – БҰҰ-ның беделін көтеріп, тиімділігін арттыру» деді ол.

Содан соң Қасым-Жомарт Тоқаев превентивті дипломатияның қақтығыстарды тоқтатуда өте өзекті екеніне мән берді. «Бұл тақырып бұрыннан талқыланып келеді, кемінде 30 жыл болды. Бірақ өзгерген ештеңе жоқ. Жағдай ділмәр сөз, декларация күйінде қалып жатыр. Өңірлік және жаһандық шиеленістерді болжауға баса мән берген жөн деп ойлаймын. Превентивті дипломатия дегеніміз – осы. Сонымен қатар біз көпжақты тиімді дипломатияға қолдау көрсету үшін күш-жігерімізді біріктіру керек» деді Қазақстан Президенті.

Солтүстік Македония Президенті Гордана Силяновска-Давкова Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ өз жұмысында превентивті дипломатияға баса назар аудару керек деген пікіріне қолдау білдірді. «Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Еуропа Одағы әу баста әлемде бейбітшілік орнату үшін құрылған. Дегенмен екі құрылым да соғыспен бетпе-бет келіп, сәтсіздікке ұшырады. Неліктен бұлай болды? Өйткені превентивті дипломатия жоқ. Тоқаев мырза превентивті және проактивті дипломатия жайында айтты. Саяси шешімдер қабылдауда бізге осындай оң үлгі жетпей тұр» деді Солтүстік Македония Президенті. Сондай-ақ панельдік пікірталасқа Грузия Премьер-министрі Ираклий Кобахидзе қатысты.

МӘЖІЛІС

ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ КҮШЕЙТІЛЕДІ

Төменгі палата депутаттар бастамашы болған еңбек заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды екінші оқылымда қабылдады.

Түзетулер қызметкерлердің еңбек құқықтарын қорғау кепілдіктерін күшейтуге және еңбек қатынастарының жекелеген рәсімдерін жетілдіруге бағытталған. Атап айтқанда, еңбек саласында ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғау нормалары бекітіледі. Уақытша еңбекке жарамсыздық кезеңімен немесе әлеуметтік демалыспен сәйкес келген жағдайда соңғы жұмыс күнін айқындау тәртібі нақты белгіленеді.

Сонымен қатар жұмыс берушінің еңбек жағдайлары өзгергені туралы қызметкерді жазбаша хабардар ету міндеті енгізіледі. Сондай-ақ құжат қызметкердің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу тәртібін реттейді. Бұл ретте материалдық жауапты тұлғалар үшін еңбек қатынастарының тоқтатылу күні, сондай-ақ жұмыс берушінің мүлкін (құжаттамасын) қабылдап-тапсыруды аяқтау шарттары айқындалады.

Түзетулердің жеке блогы әлеуметтік әріптестікті дамытуға бағытталған. Атап айтқанда, өңірлік деңгейде әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру, мемлекеттік еңбек инспекциясымен, қызметкерлер мен жұмыс берушілер өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау функциялары әкімдіктерге жүктеледі.

Мемлекеттік еңбек инспекторлары үшін еңбек қатынастары, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, әлеуметтік әріптестік салаларында біліктілікті тұрақты арттыру міндеті енгізіледі. Сондай-ақ еңбекті қорғау жөніндегі техникалық инспекторлардың құқықтары бекітіледі.

Құжатты қарау барысында депутаттар қосымша түзетулер ұсынды. Оған сәйкес, медициналық ұйымдар қызметкерлердің тіркелген жері бойынша оларды цифрлық технологиялар арқылы скринингтік тексерулерден өту қажеттігі туралы хабардар етуге және осындай тексерулерден өтуге жататын тұлғалар туралы мәліметтерді жұмыс берушілерге жолдауға міндеттеледі. Ал жұмыс берушілер қызметкерлерді скринингтен өтуге жіберуді қамтамасыз етуге тиіс.



ЕСІРТКІНІҢ ЖОЛЫН ҚАЛАЙ КЕСЕМІЗ?

Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқық тәртібі және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында нашақорлықтың алдын алу бағытында қабылданып жатқан шаралардың тиімділігі мәселесі қаралды. Осы отырыстың алдында мәслихат депутаттары тиісті нысандарға барып, бұл мәселе бойынша көшпелі кеңес өткізді. Қорытынды жиында Астана қаласы Полиция департаменті есірткіге қарсы іс-қимыл басқармасының бастығы Мақсат Әбікеннің баяндамасын тыңдады.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қоғамда «Заң мен тәртіп» қағидаты үстемдік құруы тиіс екендігін, бұл бүкіл қоғамның және әр адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ең басты талап екенін, сонда ғана Әділетті, Таза және Қауіпсіз Қазақстан құрылатынын бірнеше рет айтты. Мұны атап өткен баяндамашы қалалық Полиция департаменті күнделікті қызметінде осыны негізгі бағдар етіп алғанын жеткізді.

Оның айтуынша, қазір есірткі сату көрсеткішінің 90 пайызы сатушы мен тұтынушы көзбе көз кездеспейтін жолмен іске асып жатыр. Сондықтан тәртіп сақшылары есірткімен күрестің жаңа әдістерін қолдануға көшті. Бұл есірткіні онлайн сату жолдарын анықтау мен оны тоқтатуға негізделген. Соның нәтижесінде 2029 есірткі сататын сайт пен күдік тудыратын операцияларды жасаған 2783 карта бұғатталды. Мұнымен қатар, есірткі бизнесімен айналысқан 3 ұйымдасқан қылмыстық топ құрықталды, 1 есірткі зертханасының жұмысы тоқтатылды. Жалпы есірткімен байланысты 1106 құқықбұзушылық, соның ішінде оны сатудың 412 жағдайы анықталды. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, биыл есірткі заттары көптеу тәркіленді. Есірткі насихаты мен жарнамасымен байланысты 15 қылмыстық іс қозғалды. Есірткіні жарнамалаған 2500-ден астам графикалық жазу жойылды.

«2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап адамдардың денсаулығына қауіп тудыратын, мақсатсыз пайдалану кезінде әсері күшті медициналық препараттардың заңсыз айналымы мен сатылымы үшін тиісті заңмен қылмыстық жауапкершілік қарастырылған» деген Мақсат Әбікен жыл басынан бері көңіл көтеру орындарында жүргізілген рейдтердің нәтижесінде «күлдіретін газды» қолдану бойынша 20 қылмыстық іс қозғалғанын, 70 баллон тәркіленгенін жеткізді.

Баяндамашының мәлімдеуінше, «Астана – есірткісіз қала» бағдарламасы шеңберінде 2026-2028 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары әзірленді. Осы бағдарлама аясында есірткіге қарсы 679 іс-шара өткізілді. Соның ішінде дәрістер, семинарлар, спорттық іс-шаралар, дөңгелек үстел отырыстары, түрлі акциялар, кездесулер, жарыстар, т.б. бар. Сонымен қатар Мақсат Әбікен жасөспірімдер арасында нашақорлықтың алдын алу бағытында қолға алынған жұмыстарға тоқталды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Айнұр Төлеуова, Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сенғазыев, Ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрдәулет Әлмұханов, Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Самат Ибраев, Әділет министрлігіне қарасты Сот сараптамалары орталығы директорының орынбасары Ербол Рахметоллаұлы баяндама жасады.

Қалалық мәслихат депутаттары сауалдарын қойып, ұсыныстарын жеткізді.

«Бүгінде жасөспірімдер арасында нашақорлық мәселесі қоғам үшін аса өзекті болып отыр. Қала әкімдігі, тиісті басқармалардың, қалалық мәслихат депутаттарының тарапынан түрлі іс-шаралар атқарылып жатыр. Осы мәселеге қаржы бөлуге келгенде ешкім ешкімнің қолын қақпады» деген қалалық мәслихат төрағасы Табиғат Зейнұлқабден бұл мәселемен күресті күшейту қажеттігін айтып өтті. Тиісті ақпарат толық және ашық болу керектігіне назар аударды.

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ӨЗГЕРІСТЕРІ ТҮСІНДІРІЛДІ

Астанадағы №97 мектеп-гимназиясында «Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы: Әділетті мемлекетке қадам» тақырыбында қалалық семинар өтті. Іс-шара Астана қаласы әкімдігінің Әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өтті. Оған қала мектептерінің мұғалімдері, білім беру саласының мамандары мен сарапшылар қатысты.

Семинар барысында ҚР жаңа Конституциясы елді әділетті, құқықтық және демократиялық мемлекет құруға бағыттайтыны атап өтілді. Сонымен қатар конституциялық құқық, мемлекеттік басқару, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы тұрғысынан академиялық талқылаулар жүргізілді. Семинардың негізгі мақсаты – Конституцияға енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың мәнін, мазмұнын және құқықтық негіздерін педагогтерге жан-жақты түсіндіру, сондай-ақ «Әділетті Қазақстан» тұжырымдамасының қағидаттарын талқылау.

Конференция аясында 2026 жылғы Конституцияның 94-бабы 1-тармағына ерекше назар аударылып, оның мазмұны, өзекті мәселелері және күшіне ену тәртібі қарастырылды. Іс-шараға заң ғылымдарының докторы, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Жамалиден Ибрагимов және Әдістемелік орталық басшысының орынбасары Алма Мұхамеджанова қатысты. Спикерлер өз баяндамаларында конституциялық реформалардың құқықтық негіздеріне талдау жасап, білім беру процесінде бұл тақырыпты тиімді жеткізу жолдарын ұсынды.

Семинарға Астана қаласынан жүзден астам педагогтің қатысқаны айтылды. Қатысушылар тәжірибе алмасып, жаңа оқу материалдарын талқылады, сондай-ақ оқушыларға Конституциялық өзгерістерді түсіндірудің заманауи тәсілдерін қарастырды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай іс-шаралар педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыруға, құқықтық мәдениетті нығайтуға және «Әділетті Қазақстан» құндылықтарын білім беру кеңістігінде кеңінен насихаттауға бағытталған.

ҚОС ӨЗЕН АРНАСЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІН ТЕКСЕРДІ

Бүгін Астана қалалық Қоғамдық кеңесінің мүшелері елордадағы Сарыбұлақ және Ақбұлақ өзендерінің арнасын тексеріп, қазіргі жай-күйін анықтау бойынша көшпелі кеңес өткізді.

Райхан РАХМЕТОВА

Елордада аталған өзендер арнасына қайта құру жұмыстарын жүргізуге байланысты екі жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Астана қалалық Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының тапсырысымен оны бірқатар мердігер мекемелер атқаруда. Қоғамдық кеңес төрағасы Зұлпыхар Ғайыпов бастаған кеңес мүшелеріне осы жұмыстардың бүгінгі орындалу барысы таныстырылып, оны атқарудағы мәселелері талқыланды. Басқарманың қоғамдық кеңістіктер құрылысы бөлімінің басшысы Нұрлан Сақтапбергеновтің айтуынша, бірінші жоба – Сарыбұлақтың Н.Тілендиев көшесі тұсынан басталып, теміржолға дейінгі арнасына қайта құру жұмыстарын жүргізу бойынша жобалық сметалық құжаттама сараптамадан өтіп, толық дайын тұр.



Жоба мақсаты – Сарыбұлақты қаланың қоғамдық кеңістігіне эстетикалық тартымдылықпен біріктіру, экологиялық жағдайды жақсарту, суды тазарту, жағалауындағы өсімдіктердің өсуін қалпына келтіру, судағы түрлі тірі ағзалардың тіршілігі үшін қолайлы орта қалыптастыру, су тасқынының алдын алу, жылғаның өткізу қабілетін арттырып, гидротехникалық құрылыстар салу. Сонымен қатар сол аумақты абаттандырып, тұрғындар демалысы үшін жайлы, рекреациялық орынға айналдыру, инженерлік қорғау, көгалдандырып, жаяу жүргіншілер мен веложолдар салу да көзделген. Жобаны жүзеге асыруды бюджеттен қаржы бөлінуіне қарай биыл бастау көзделуде.

Екінші жоба – Ақбұлақ арнасының су қорғау белдеулері мен аймағының енін белгілей және қаладағы жағалау белдеулерін абаттандыра отырып, теміржол көпірінен ЖЭО-2-ге дейінгі телімін қайта құру. Арна ұзындығы – 4 км. Бүгінгі таңда жоба 70 пайыз жүзеге асырылды. Телімдегі 3 км аумақта судың түбін тереңдету, тазалау жұмыстары аяқталды. Қалған жұмыстарын, яғни су қорғау белгілерін орнату және тағы да 1 км жерді тереңдетуді биыл екінші тоқсанда аяқтау жоспарлануда. Кеңес барысында Ақбұлақ бойынша атқарылатын қосымша жұмыстар да баяндалды.

– 2022 жылы біздің басқарма Ақбұлақтың лайланған телімін анықтау және лай көлемін білу үшін тереңдігін зерттеу жұмыстарын жүргізді. Барлық абаттандырылған бөліктің 70 пайызға жуығында өзеннің лайлануы анықталды. Лайлану кесірінен өзен таязданады, лайдың қалыңдығы 2 метрден асады. Ақбұлақ кіші өзені пайда болғалы бері ол елордалықтардың демалатын орнына айналды, оның жағалауында жастар, спортпен айналысатындар көп жүреді. Өзеннің лайлануы судың батпақтануына және жағымсыз иістің пайда болуына әкеледі. Дәл сол себепті де оны тазалау тұрақты экотеңгерімді сақтап тұруда маңызды шара болып саналады, – дейді бөлім басшысы.

Ақбұлақтың санитарлық-техникалық және эпидемиологиялық жағдайын жақсарту үшін әкімдік тарапынан көптеген жұмыстар атқарылады. Атап айтқанда, Есіл өзенінен бастап Байырқұм көшесі тұсындағы теміржол өткеліне дейінгі аралықтағы өзеннің абаттандырылған телімі кезең-кезеңімен лайдан тазартылады. «Сәтпаев» көпірінен бастап «Тәуелсіздік» көпіріне дейінгі аралықтағы телімінде 2024-2025 жылдары 163 мың текше метр көлемінде тазалау жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар екі өзен арнасы мен Есіл өзенінде жыл сайын су бетін санитарлық тазалау және жақын аумақты арамшөптерден тазарту жұмыстары жүргізіледі. Бүгінгі таңда 2026 жылғы жұмыстар үшін мердігерлерді анықтау бойынша конкурстық рәсімдер өткізілуде.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2026 жылы 24 сәуірде сағат 11:00-де Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі сұрақтар енгізіледі:

1. Астана қаласы бойынша автотұрақтарға (паркингтерге) және автожанармай құю станцияларына бөлінген жерге арналған базалық салықтық мөлшерлемелер туралы.

2. «Астана қаласының әлеуметтік маңызы бар қатынастарының тізбесін айқындау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2025 жылғы 26 желтоқсандағы № 375/48-VIII шешіміне толықтырулар енгізу туралы.

3. Толық бітіріп берілетін құрылыс туралы шарт бойынша іске асырылатын объектілердің тізбесі туралы.

4. Астана қаласында қолжетімді ортаны қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы.

5. «Астана қаласында қандас мәртебесін беру немесе ұзарту жөнінде комиссия құрамы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 14 желтоқсандағы № 122/15-VIII шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

6. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларын келісу туралы.

7. «Депутаттық этика мәселелері жөніндегі комиссияның құрамын бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының 2023 жылғы 12 сәуірдегі № 20/2-VIII шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

Анықтама үшін телефондар: 55-66-36.

Т.ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы мәслихатының төрағасы

№45 (4943) 18/04/2026 Сенбі

Жолдағы шұңқырлар мен жарықтарға шағымданатын жүргізушілер сол ақаулардың қаншама жол-техникалық қадағалау мамандарының бақылауынан өтетінін біле ме екен? Бұл туралы біз Жол активтері сапасының ұлттық орталығы Астана қалалық филиалының зертхана меңгерушісі Дархан Арықпаевтан сұрадық. Ол қиыршық тастағы құм түйіршіктерінен бастап сандық жүктемені бақылау жүйелеріне дейінгі мәселелерді, қысқасы жол туралының бәрін біледі.



ЖОЛ САПАСЫ ҚАЛАЙ ТЕКСЕРІЛЕДІ?

– Дархан Дулатұлы, жаңа жолдың құрылысы неден басталатынын айтып беріңізші.

– Барлығы жобаны әзірлеуден басталады. Егер күрделі құрылыс немесе жолды қайта құру туралы айтар болсақ, мұндай жобаны арнайы жобалау институттарының барлық техникалық нормаларды, жүктемелерді, топырақ түрлерін, көлік қозғалысының қарқындылығын және т.б. ескеретін мамандары істейді. Жоба материалдардың егжей-тегжейлі сызбаларын, есептеулерін және сипаттамаларын қамтиды. Біздің кәсіпорын жобаны сараптау кезеңінде іске кіріседі. Бұл ретте біз жобада көрсетілген материалдардың нақты талаптар мен нормаларға сәйкестігін тексереміз, сондай-ақ пайдаланылатын материалдардың сапасын бағалаймыз.

Астанада жиі кездесетін орташа жөндеу туралы айтсақ, бұл жердегі жобалау кезеңі оңайырақ. Орташа жөндеу дегеніміз – бұл жабынның жоғарғы қабаттарын ауыстыру, тозған жерлерді қалпына келтіру болса, мұндай жөндеу кезінде қозғалыс қарқындылығы мен жол жүктемесін ескере отырып, жеңілдетілген жобалар жасалады. Осыдан кейін біз ведомстволық сараптама жүргіземіз: жөндеудің экономикалық орындылығын, материалдар мен технологияларды дұрыс таңдауды, сондай-ақ құнның негіздемесін тексереміз.

– Жолдың сапалы болуы үшін асфальт астындағы негіз қаншалықты маңызды?

– Бұл бүкіл жол құрылымының негізгі элементі десек, асыра айтқандық болмас. Асфальт – бұл айсбергтің бір ұшы ғана, жолдың әдемі «киімі» іспеттес. Оның астында «жол киімі» деп аталатын көп қабатты құрылым бар және бұл бүкіл жабынның қаншалықты сенімді болатынына жауап береді.

Асфальт астындағы негіз кейде цементпен нығайтылған қиыршық тасты-құмды қоспалардан жасалады. Бұл қабаттар тек беріктік үшін ғана қажет болмайды, олар бірден бірнеше маңызды тапсырмаларды орындайды. Біріншіден, жүктемені автомобиль көлігінен, әсіресе жүк көлігінен біркелкі бөледі. Екіншіден, олар асфальтты топырақтың қозғалысынан, мұздатудан, артық ылғалдан қорғайды. Егер негіз сапасыз болса, асфальттың үстіңгі қабаты қаншалықты жақсы болғанына қарамастан, жол бірнеше маусымға төтеп бере алмайды.

– Елордада асфальттің қандай түрлері қолданылады?

– Астанада негізінен екі түрлі асфальт қолданылады: тығыз ірі түйіршікті асфальтбетон, А типі – оның құрамында 60%-ға дейін қиыршық тас болады және ол ауыр жүктемелерге төтеп бере алады. Сондай-ақ қиыршық-мастикалық қоспалар (ҚМҚ В20-15) – оларда 75%-ға дейін қиыршық тас болады, олар жоғарғы қабат үшін қолданылады. Оның құрамында полимерлі қоспалар мен тұрақтандырғыш талшықтар болуы керек. Бұл біздің климаттық айырмашылықтарымызда аса маңызды.

– Ал климат жолдардың жағдайына қатты әсер ете ме?



– Әлбетте! Біздің климат кез келген жол үшін нағыз сынақ алаңы деуге болады. Астанада температура жазда +40 градустан қыста -40градусқа дейін ауытқиды, әсіресе нөлден күрт ауысу қауіпті. Жол жамылғысының тесіктеріне түскен ылғал алдымен сол жерде болады, содан кейін нөлден төменгі температурада қатып, кеңейе бастайды. Судың мұзға айналатынын, көлемі ұлғаятынын, асфальт құрылымын ішінен жара бастайтынын елестетіп көріңізші. Көктемде мұндай жерлер тез бұзылады, соның салдарынан жолда жарықтар, шұңқырлар пайда болады.

Бұл тәуекелдерді азайту үшін елордада полимерлі қоспалары бар асфальтбетон қоспалары қолданылады. Полимерлі түрі асфальтты серпімді етеді. Ол пішінін жақсы ұстайды, аязда жарылып кетпейді және жазда ойыққа төзімді келеді. Бұл әсіресе біздің мегаполистегі жоғары көлік жүктемесі үшін өте маңызды.

– Жол төсемдерінің сапасын кім және қалай тексереді?

– Ашықтықты арттыру және жеделдету, сондай-ақ жұмыс процестерінің жол құрылысы материалдарын сынауды автоматтандыру үшін бізде KazRoadLab виртуалды зертханасы құрылды.

Жүйеде инженерлердің шығуы және жүргізілген сынақтар туралы толық мәліметтер бар. Іріктелген сынамалар QR-кодтары бар арнайы пакеттерге орналастырылады, бұл ауыстыру мүмкіндігін болдырмайды. Зертханашы сынаманың қай учаскеден және қанша шақырым жерден алынғанын білмейді, ақпарат нәтижелерді енгізгеннен кейін ғана жүйемен синхрондалады, бұл сынақтардың объективтілігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді.

Атап айтқанда, біз, Жол активтері сапа орталығының зертханасы, тікелей белгіленген жерге барып, асфальт сынамаларын аламыз, қоспаның температурасын өлшейміз, оның тығыздығын, төсеу тегістігін тексереміз, қабаттың қалыңдығын өлшейміз. Ең дәл әдістердің бірі – өзектерді таңдау: төселген жабынның фрагменттері арнайы бұрғылау арқылы кесіледі, ал зертханада біз олардың көмегімен төсеудің қаншалықты сапалы жасалғанын анықтаймыз.

Осы өзектерден біз тығыздағыштың сақталғанын, композицияның нормативтерге сәйкес келетіндігін, ауа қуыстарының бар-жоғын, қиыршық тастың жеткілікті екендігін, битум минералды агрегатпен қалай байланысатын нақты айта аламыз. Барлық нәтижелер құжатталады, мемлекеттік стандарттармен салыстырылады. Егер бірдеңе сәйкес келмесе, біз қорытынды береміз және сол кезде тапсырыс беруші жұмысты қабылдау немесе қайта бастауды талап ету жөнінде шешім қабылдайды.

– Жолдың тозуына не көбірек әсер етеді?

– Жол жамылғысының тозуы тұтас факторлар кешенінің нәтижесі болып табылады және өкінішке қарай, олардың барлығын бақылай алмаймыз. Бірінші және ең айқын әсер етуші фактор, жоғарыда айтқанымдай, ол – климат.

Екінші маңызды фактор – жол жамылғысын төсеу кезіндегі технологиялық бұзылулар. Мысалы, егер асфальт тым төмен температурада төселсе немесе қоспасы төсеу сәтіне дейін салқындаса, ол дұрыс болмайды. Кейде мердігер асығыстық жасайды, бірдеңелерді үнемдейді немесе жай ғана жауапсыздық танытады, нәтижесінде асфальт жүктемені көтере алмайды, тез жарылып немесе құлап кетеді. Демек, біздің жұмыста бақылау өте маңызды, өйткені технологиядан аздап ауытқудың өзі ауыр зардаптарға әкеледі.

Үшінші, ең шешуші фактор – бұл ауыр жүк көлігінің шамадан тыс болуы. Жол белгілі бір рұқсат етілген жүктемелерге арналып жобаланады. Ал егер ол арқылы 10-20 тоннадан асатын жүк көліктері жүйелі түрде өтетін болса, мұндай жүктемеге ешқандай асфальт көліктер секілді жол төсеміне зақым келтіреді. Ал күніне мұндай көліктің жүзі өтетін болса, соңы қалай болатынын өзіңіз елестете беріңіз. Бұл бюджетке ауыртпалық түсіреді және жөндеу шығындары көбейеді. Сондықтан мұндай оңтайлы шешімдер жағдайды бақылауға ғана емес, тасымалдаушылар арасында белгілі бір тәртіп орнатуға мүмкіндік береді. Бұл бастамасы ғана, бірақ жақсы нәтижелер де жоқ емес.

– Астаналық жол жөндеушілер қаладағы қауырт уақыттарда және түнде қалай жұмыс істейді?

– Елордада жол жөндеу маусымы бар болғаны 3-4 айға ғана созылады, жол жөндеушілер жазда және ауа райы технологияның барлық түрін қолдану арқылы асфальт төсеуге қолайлы болатын көктем мен күзде жұмыс істейді. Демек, осы уақытты мүмкіндігінше пайдаланып қалған жөн. Күндіз көшелерді жөндеуге жабу кептелісті көбейтеді. Сондықтан көп жұмыс түнге қалдырылады.

Иә, техниканың түнгі шуылы тұрғындардың наразылығын тудырады. Олар күндіз жұмыс істейтін болса, жөндеу жұмыстарының кесірінен орын алатын кептелістерге бірнеше апта бойы төзуге тура келеді. Сондықтан жол жөндеушілер уақытты ұтымды пайдалана отырып жұмысты тезірек аяқтауға тырысады. Бұл ретте әрине, адамдар баратын бағыттарын жоспарлауы үшін бұқаралық ақпарат құралдарында алдын ала ақпарат беріледі. Жұмыстар әкімдікпен және полициямен келісе отырып жасалады. Нақты уақыт кестесі, логистика және қай көшелерді және қашан жабуға болатыны жөнінде кесте құрастырылады. Нәтижесінде қолайсыздықтар азайып, оң нәтижелер көбірек орын алады.

– Учаскеде қанша адам жұмыс істейді?

– Әдетте жол жұмыстарының бір учаскесіне аз дегенде 20-ға жуық маман жұмылдырылады. Әр адам қатаң белгіленген тапсырманы орындайды. Бұл жерде дәлдік пен үйлесімділік маңызды. Бірлесіп жұмыс істегенде ғана жол сапалы болады. Мұның бәрі төсеудің ені мен біркелкілігін анықтайтын техниканы басқаратын төсеу операторларынан басталады. Жақын жерде қоспаның берілуін бақылайтын көмекшілер оның таралуын, әсіресе қиын жерлерде қолмен реттейді. Одан кейін ауыр төсеніш операторлары іске кіріседі. Әдетте бірнеше машина қолданылады: бірінші төсеу бастапқы тығыздағышты, екіншісі соңғы әрлеуді жасайды. Жабынның тығыздығы мен беріктігі солардың жұмысына байланысты.



Сондай-ақ учаскеде әрдайым лаборант болады. Ол қоспаның температурасын бақылайды, ылғалдылықты, қабаттың қалыңдығын тексереді, кейінгі талдау үшін үлгілерді алады. Сонымен қатар, геодезистер жұмыс істейді, олар жолдың барлық биіктік белгілері, көлбеулері мен геометриясының сақталуын қамтамасыз етеді.

Әркім өз учаскесіне жауап береді, бірақ жалпы нәтижеге ұжым мүшелері тегіс жауапты. Сәл ғана сәтсіздік пен жауапсыздық үлкен мәселе тудыруы мүмкін. Сондықтан жол бригадасындағы жұмыс барысында тәртіп пен жауапкершілік бірінші орында болуы тиіс. Жол тек асфальт емес, бұл – инженерия, жауапкершілік және сенім. Біз оның тұрғындарға жайлы болуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз.

Құралай МҰРАТОВА
Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

ЧЕМПИОНДАРМЕН МОТИВАЦИЯЛЫҚ КЕЗДЕСУ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында Астана қаласында 150-ден астам спортшының қатысуымен мотивациялық ашық диалог форматындағы кездесу өтті.

Райхан РАХМЕТОВА



Naiza лигасының әлем чемпионы, панкратионнан әлем чемпионы, ММА-дегі кәсіби рекорды 5-0 болған Ильдар Құдайбергенов қонақ болған іс-шараның негізгі мақсаты – жастар арасында тәртіп, жауапкершілік және салауатты өмір салты құндылықтарын насихаттау, сондай-ақ спорт арқылы тұлғалық дамуға ықпал ету.

Кеш қонағы Ильдар Құдайбергеновтің өмір жолы – қайсарлық пен табандылықтың айқын көрінісі. Ол 7 жылын бас бостандығынан айыру орындарында өткізіп, кейін кәсіби спортқа қайта оралып қана қоймай, әлем чемпионы деңгейіне көтерілді. Бүгінде өмірде қиын жағдайға тап болған жастармен белсенді жұмыс жүргізіп, оларға бағыт-бағдар беріп, өз-өзіне сену, берілмеу және мақсатқа ұмтылу құндылықтарын насихаттап келеді. Оның тағдыры – ең ауыр сынақтардан кейін де өмірді қайта бастап, биік жетістіктерге жетуге болатынын дәлелдейтін үлгі.

– Бас бостандығынан айырылып, жазасын өтеп шыққандар көбіне өмірден өз орнын таба алмай, қайтадан теріс жолға түсіп жатады. Маған осы ретте достарым, ағаларым көп көмектесті. Олардың қолдауымен еңсе тіктеп, бұрын жас күнімде тұрақты түрде айналысқан спортқа қайта келдім. Бар күшімді салып, айналыса бастадым. Бір жарым жылда әлемдік деңгейге жетістіктерге жеттім. Сондай-ақ қазіргі таңда мемлекеттік саясаттың бір саласы ретінде жазасын өтеп отырғандармен жұмыс жүргізу ісіне белсенді араласамын. Осы аралықта еліміздегі көптеген түзету мекемелеріне құқық қорғау органдары өкілдерімен бірге барып, жазасын өтеушілермен ақпарат-түсіндіру жұмысын жүргіздім. Аз да болса оларға ой салып, бостандыққа шыққаннан кейін қоғамға бейімделіп кетуіне септік етсек, мұндай жұмысымыздың бәрі тегін болмағаны. Шыққаннан кейін міндетті түрде спортшы болып кетпесе де, әр адам қолынан келетін іспен айналысып, үлкен белестерді бағындыра алады, – дейді И.Құдайбергенов.

Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы ұйымдастырған іс-шараға сонымен қатар «Темір адам» лақап атымен танылған танымал спортшы, әлемдік деңгейдегі рекорд иегері, армрестлингтен Азия чемпионы, марестлингтен әлем чемпионатының жүлдегері, «Намыс» марапатының иегері Тимур Спатаев қатысты. Ол өз тәжірибесін жастармен бөлісіп, тәртіптің жетістікке жетудегі рөлі туралы айтып берді. Жиынға сондай-ақ Астана қаласы прокуратурасының басқарма прокуроры Ақжол Сәтілда, Астана қаласы Нұра ауданы ПБ ҚҚБ ювеналды полиция бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы, полиция майоры Назым Шарипова қатысып, қаладағы жасөспірімдер арасындағы қылмыс түрлері және олардың алдын алу туралы ақпарат берді.

– Көбіне тіркелетін оқиғалар – жасөспірімдердің кешкі уақытта үйде болмауы. Одан бөлек, кейбір балалардың өтпелі кезеңде тәртібі мен тәрбиесі төмендеп, ата-ана тарапынан түсініспеу көп туындайды. Сондай жаста жасөспірімдер үйден қашып, басқа түрлі ортаға тап болады. Осы ретте біз тек балалармен ғана емес, ата-аналармен де жұмыс жүргіземіз, – деді А.Сәтілда.

Ашық диалог форматындағы мұндай кездесу спикерлердің жетістік тарихын тыңдап қана қоймай, олармен тікелей пікір алмасып, өмірдегі өтпелі қиындықтарды еңсеруге және жеке даму жолын талқылауға мүмкіндік береді. Осы ретте оқушылар ойын еркін жеткізіп, спикерлердің спорттағы жетістіктері және балалар арасындағы бұзақылық салдары туралы сұрақтарын қойып, мамандардан көптеген пайдалы кеңес пен ақпарат алды.

JOLTAP ЖОБАСЫ – ТИІМДІ МОДЕЛЬ

Joltap әлеуметтік жобасы ондаған мың азаматты жұмыспен және қысқа мерзімді оқытумен қамтуды жалғастыруда. Бүгінгі таңда қатысушылар оның нақты нәтижесін көрсетуде және халықаралық қауымдастықтың қызығушылығын тудырып отыр.



2023 жылдан бастап Астанада қысқа мерзімді оқыту және жұмыспен қамту арқылы халықтың табысын арттыруға бағытталған Joltap жобасы іске асуда. Негізгі мақсат – қысқа мерзімде жаңа дағдыны игеруге және еңбек нарығына қол жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін кадрларды даярлау.

Жоба аясында елорда тұрғындары барлығы 18 курс бойынша, атап айтсақ, 12 жұмысшы және 6 цифрлық мамандық, мысалы: наубайханашы, электргазбен дәнекерлеуші, электр монтажшысы, тігінші, жасанды интеллект негіздері, жарнама бейнелеріне арналған нейрожелілер және т. б. мамандықтар бойынша білім алуда. Оқу ұзақтығы: 5 күннен 22 күнге дейін. Бағдарламалар тәжірибеге бағытталған: сабақтар барлық шығын материалын тегін бере отырып, жабдықталған цехтарда өтеді. Білім беру бағдарламалары – жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, жергілікті бизнеспен тығыз ынтымақтастықта әзірленген авторлық бағдарламалар. Бұл қатысушыларды еңбек нарығының нақты жағдайына тез бейімдеуге мүмкіндік береді.

2,5 жыл ішінде 18,8 мыңнан астам адам оқудан өтті, оның 10 мыңнан астамы қала кәсіпорындарында жұмысқа орналасты. Елорданың өнеркәсіп және индустрия секторындағы кадрларға деген қажеттілік көбіне Joltap түлектерінің, яғни жоба аясында білімін жетілдірген тігіншілер, электргазбен дәнекерлеушілер, жиһаз жинаушылар, электр монтажшылар, наубайханашылар және т. б. есебінен қанағаттандырылады. 1,5 мыңға жуық түлек өз ісін бастап, бүгінде тігін ательесін, аяқ киім жөндеу шеберханасын, шағын кофехана, үй жанындағы дүкен мен автошеберхана ашып, табысты еңбек етуде. Осылайша, олар өз табысын өсіріп қана қоймай, қосымша жұмыс орындарын құрып, басқалардың да табыс табуына жол ашып отыр.

Жұмысшы мамандықтарынан басқа, халық арасында цифрлық курстар, атап айтқанда, сауда және бизнес үшін жасанды интеллект, жарнама бейнелеріне арналған нейрожелілер секілді мамандықтар ерекше қызығушылық тудырады. Жобаға мұндай курстарды енгізу халықтың сұранысына және ел экономикасындағы жасанды интеллект пен цифрлық құралдардың өсуіне байланысты болып отыр.

Түлектер оқуды аяқтағаннан кейін олардың жұмыспен қамтылуына ерекше назар салады. Jumystap.kz платформасында қазірдің өзінде 4 мыңнан астам жұмыс беруші елорданың еңбек нарығында сұранысқа ие 5 мыңнан астам өзекті бос орнын ұсынуда. Оқудан кейін барлық түлек жобаны ұйымдастырушылар құрған кәсіби қауымдастықтарға кіреді. Ол жерде жоба қатысушылары ерекше лайфхактармен, пайдалы кеңестермен бөліседі, бірлескен тапсырыстар бойынша бір-біріне жұмыс табуға көмектеседі.

Joltap басқа елдер арасында үлкен қызығушылық тудырады. Атап айтқанда, Түркиядан келген делегациялар – Ұлттық жұмыспен қамту агенттігі және кәсіптік біліктілік жөніндегі орган, Өзбекстаннан келген делегациялар – Білім министрлігі мен Ұлттық біліктілік жүйесін дамыту институты – жобаны ұйымдастырудың жоғары деңгейін, оның қолданбалы дағдыларды тез қалыптастыру және халықты экономикалық қызметке тарту бөлігіндегі практикалық бағыты мен тиімділігін атап өтті.

Осылайша, Joltap Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындау мақсатында іске асып, елордада «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» тұжырымдамасының құндылықтарын негізге ала отырып, жұмыспен қамтудың тұрақты жүйесін қалыптастырып келеді. Жобаны Астана қаласының әкімдігі «Жаңа мүмкіндік» қорымен бірлесіп жүзеге асыруда. Кез келген адам оқуға жазылып, жобаның кеңес беру нүктелері арқылы жұмысқа орналасуға көмек ала алады. Барлық сұрақ бойынша +7-707-221-31-31 нөмірі бойынша call-орталыққа хабарласыңыз.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

07.04.2026 №510-1200

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы №33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласы «Сарыарқа» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Абаттандыру» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Сарыарқа» ауданы, К. Байсейтова көшесі және Шыңтас орамы қиылысы ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,5000 га, жер учаскелері 2026 жылғы 3 маусымнан бастап 2027 жылғы 3 маусымға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жариялағаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімдігінің 2026 жылғы «07» 04 №510-1200 қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1.	21-319-057-707	Смыкова Елена Николаевна	37	37	Астана қ, «Сарыарқа» ауданы, Қарасай батыр көшесі, 16Г үй.	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
2.	21-319-057-709	Куликова Гульсара Акановна	25	25	Астана қ, «Сарыарқа» ауданы, Кривогуза өткелі, 9 үй аумағында, жеке гараж №18.	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
3.	21-319-057-1092	ТОО «ТехКомпМонтаж»	30,7	30,7	Астана қ, «Сарыарқа» ауданы, Шыңтас өткелі, 9Е ғимарат.	Шаруашылық құрылыстарды (сарай) пайдалану	Жеке меншік
4.	21-319-057-1054	Булахн Виталий Михайлович	121	107	Астана қ, «Сарыарқа» ауданы, Шыңтас өткелі, 11Г жеке гараж.	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
5.	21-319-057-1201	Абишева Раушан Ерденовна	71,5	67	Астана қ, «Сарыарқа» ауданы, Шыңтас өткелі, №9Д жеке гараж.	Гаражды пайдалану	Жеке меншік
6.	21-319-150-158	АО «Астана – РЭК»	39	3	Астана қ, «Сарыарқа» ауданы, Қарасай батыр көшесі, 24Л учаске.	ТП-32-тен 3 ВЛ-0,4 кВ электр желісін пайдалану	Уақытша өтемді ұзақ мерзімді жер пайдалану мерзімі 18.01.2072 дейін.
7.	21-319-057-1109	Мариенко Александр Васильевич	43,6	43,6	Астана қ, «Сарыарқа» ауданы, Шыңтас өткелі, 9 үй, 1 жеке гараж.	Гаражды пайдалану	Жеке меншік

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы №505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес қоғамдық талқылаулар өтетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2026 жылғы 12 мамыр сағат 10:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Заңды/жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

1. «Сарайшық» ауданы, «Мичурино» тұрғын алабы, Местная-23 (жобалық атауы) көшесінің бойында, «1-2 қабатты «Жеке тұрғын үйлерді» орналастыру бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, тапсырыс беруші «ARQA ST LTD» ЖШС;

2. «Сарайшық» ауданы, М.Тілеубаев А118, А318-2 (жобалық атаулары) және Ж.Жабаев көшелерінің шекарасында орналасқан, «Қолданыстағы автобус паркін жаңғырту. «Коммуналдық автобус паркі», 2, 5 қабат» орналастыру бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, тапсырыс беруші «Жорға МТ» ЖШС;

3. «Алматы» ауданы, Тәуелсіздік даңғылы мен Өлеңті, А.Тоқпанов, Шукшин көшелерінің шекарасы ауданында ««Кіріктірілген үй-жайлары бар (сауда-офистік үй-жайлар және кіріктірілген қоғамдық тамақтану орындары) және паркингі бар көпфункционалды кешен», 5 қабат, орналастыру бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, тапсырыс беруші Мухамеджанова Маулетай.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде n.seitzhaparov@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы №505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес тапсырыс беруші «Каз билдинг» ЖШС, «Сарайшық» ауданы, Ш.Қалдаяқов, Ж.Нәжімеденов және А50, А51 (жобалық атаулары) көшелерінің шекарасында орналасқан, 1, 2, 9, 14, 15, 16 қабатты (3 кешен) «Кіріктірілген үй-жайлары мен паркингі бар көппәтерлі тұрғын үй кешенін» орналастыру бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша қоғамдық талқылаулар өтетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2026 жылғы 13 мамыр сағат 10:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде n.seitzhaparov@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

№45 (4943) 18/04/2026 Сенбі

Төлеп ТІЛЕУБАЙ



АЛАЯҚПЕН АҚША ОЙЫНЫ

Бала күнімізде үлкендер балаларға жекіп: «Әй, өзің бір ойыныңосылғыр екенсің!» деп ұрысып жатушы еді. Жаңалықтар тізбегінен алаяқтармен ақша ойынын ойнаған кейбір адамдардың іс-әрекетін көргенде осы сөз ойымнан шықпады. Расында, кейбір адамдар ұялы телефон арқылы алаяқтармен ойнайтын әдет тапты. Бірақ бұл әдеттен бармақ шайнап, санын соғып жатқандар аз емес. Себебі алаяқпен телефондағы бір ғана сөйлесудің өзі зор қауіпке апарады. Арам ниетті алаяқтар өзінің құрбандығымен кез келген әңгімені талдап, кейбір жағдайларда жазып алған дауысты сол адамның туыстарын алдауға пайдаланады. Осы мәселені тереңірек талдайық.

АЛАЯҚТЫ ТӘУБЕСІНЕ КЕЛТІРУ МҮМКІН БЕ?

Қарапайым адамдар көбіне үрейге бой алдырудың, аңқаулықтың және қаржы жағынан сауатсыздықтың салдарынан алаяқтардың арбауына түсіп қалып жататыны рас. Алайда арам ниеттілерді тәубесіне түсіремін деп опық жейтін жандар да кездеседі. Егер сізге бөгде біреу қоңырау шалса, оның алаяқ екенін білген сәтте екіұдай көңілде болатыныңыз анық. Бірі – үрейге бой алдыру, екіншісі – өз-өзіңе сенімді болу. Егер де кез келген жағдайда өзөзіңді толық бақылай алатын адам болсаң, онда ешқандай да қауіп жоқ. Алайда өзіне-өзі сенімді адамның өзі әбіржіп, арғы жақтағы адаммен сөйлесу мәнерін өзгертіп алатын жағдайлар да көп. Мұндайда не істеу керек? Егер сіз сөйлесіп тұрған адамыңыздың алаяқ екенін білсеңіз, бірден ұялы телефонның тетігін басып, байланысты дереу үзіп тастаңыз. Ал сіз: «Бәрі менің бақылауымда! Қазір сені мазақ қылайын!» десеңіз, құрыдыңыз. IT-мамандар жиі ескертетін нәрсе, алаяқтар тікелей қандай да бір банктің қауіпсіздік жүйесін бұзуға ешқашан іс-қимыл жасамайды. Олардың басты мақсаты – адам. Банкте шот ашқан адамның зәресін ұшырып, үркітіп-қорқытып өзінің арам ойын іске асыруға тырысады. Сол себептен олардың әрбір «қоңырауы» тегін тест сияқты жүзеге асады. Алаяқтар әңгімелесу кезінде сол адамды толық зерттеуге кіріседі: ең алдымен оны банк, қарыз, қылмыс, полиция деген сөздермен қорқытып, бір тексеріп көреді. Өзінің әлеуетті құрбандығының шешім қабылдау деңгейін зерттеп үлгереді. Бұл жерде назар аударатын жайттың бірі – сұрақтарға берілген жауаптар емес, телефон тұтқасын қоймау, яғни арадағы байланыстың орнауы. Байланыс орнаған соң, алаяқ телефон нөмірін жазып алып, оған қайта хабарласып, алдау-арбау әрекетіне қамданады. Бұл жердегі бірінші соғылған қоңырау шабуыл емес, барлау ғана. Алаяқ әуелі өзінің жіберген қателігін ескеріп, жаңа жоспар құрады. Сол жоспарын тиянақтап алып, тағы да қоңырау шалады. Ол енді банк қызметкері, банктің қауіпсіздік қызметінің өкілі, я болмаса әлгі адамның жақын танысы болып хабарласады. Істің оңға басуы оның қандай алдау тәсілін таңдағанына байланысты. Кейбір жағдайларда алаяқтар сол адамның ерік-жігерін жасыту үшін туыстарына хабарласып, соның дауысымен сөйлеседі. Ол үшін жасанды интеллекттің мүмкіндігін тиімді қолданады.

БІЗ ҚАЛАЙ ҚАТЕЛЕСЕМІЗ?

Алаяқтардың арбауына түсіп қалғандар көбінесе: «Мен ешкімге өз карточкамның мәліметтерін берген жоқпын», «Мен бөгде адаммен жай ғана сөйлестім», «Мен оның жіберген ешқандай сілтемесіне кірген жоқпын» деп ақталады. Алайда олар бұл жерде қандай үлкен қателікке бой алдырғанын аңдамайды. Алаяқтар әр адамның картасындағы CVV-кодты немесе SMS-хабарлама арқылы төрт санды алуға ғана әрекет жасамайды. Оларға ең қажетті нәрсе – өзі қоңырау шалған нөмірдің иесі бар болғаны жеткілікті. Содан соң арғы жақтан берілген жауап маңызды, сол адамның онлайн-банкингті қолданатыны жеткілікті. Одан кейінгі әңгіме арада байланыс орнатудың кепілі болып қала береді. Алаяқтармен қалжыңдасудың соңы өкінішті жағдайлармен аяқталған кездер көп. Бір күні жас қызға бір курьерлік қызметтің өкілі хабарласады. Ол қыз хабарламаның алаяқтан келгенін білсе де, қызығушылық танытып, жіберілген сілтемені басады. Сол сәтте әлгі қыз ештеңе болмағанына таңғалады. Бірақ бір түнде алаяқтар оның картасындағы ақшасын үптеп кеткен. Осы оқиғаға ұқсас тағы бір факт. Алаяқтар бір ер адамға қоңырау шалады. Өзіне хабарласқан алаяқ екенін сезген әлгі азамат алаяқтармен ойын ойнамақшы болады. Көбірек сөйлесіп, айтқанына келіседі. Көп ұзамай оған бонус туралы ақпарат жетіп, өзінің банк қосымшасына кіре алмай қалады. Тағы бір оқиға. Бірде алаяқтардың құрған тұзағына түсіп қалған жасөспірім де өзі кінәлі болған. Ол хабарласқан алаяқтың өзін мазақтамақ болып әртүрлі іс-әрекетке барады. Ал бір аптадан кейін оның барлық туысының мессенджеріне «Тезірек ақша аударыңдаршы!» деген хабарлама түскен. Бұл жердегі естен шығармайтын нәрсенің бірі – егер сіз өзіңізге хабарласқан адамнан күдіктенсеңіз, бірден тұтқаны басып, сөйлесуді доғарыңыз. Одан кейін банкке қоңырау соғып, ондағы шотыңызды тексеріп, қажет болған жағдайда, бұғаттап тастау керек. Ең маңыздысы, алаяқтармен ойын ойнаудың түк пайдасы жоғын ұмытпаңыз. Қаржы мамандары қайталап айта беретін мынадай кеңестерді қаперде ұстаңыз: ешқашан алаяқпен ойын ойнауға ұмтылмаңыз; күдікті сілтемелерге кірмеңіз; мессенджер арқылы алаяқтан келген хабарламаға (оны әдейі жібереді) назар аударманыз; мәселе туындаған жағдайда, алаяқтан бұрын әрекет етіп, банкке және туыстарға хабарлап үлгеру керек, осындай оқиғаларды үйде үстел басында балалармен, қарттармен үнемі талқылап отыру керек, әр адам өзін алаяқтан ақылдымын деп санамауы тиіс. Өйткені олар әзілкешке қатты «өкпелеп», сазайын тарттыруға ұмтылады. Өзін өкпелеткен адам туралы ақпаратты сатып я болмаса өзінің басқа қылмыстық тізбектеріне пайдалануы мүмкін.

> Ресми мәліметке жүгінсек, алаяқтардың тұзағына түсіп қалатын аңқаулар Астанада көп екен. Мысалы, 2025 жылдың 7 айында алаяқтыққа қатысты 3235 оқиға тіркеліпті. Одан кейінгі орында Қарағанды облысы (1925) тұр. Павлодар (1711) мен Қостанай (1283) соңғы орындарда орналасқан. Бұл статистикадан көргеніміздей, қылмыскерлерге алданып қалуда мәселе технологияда емес, аңқаулықта жатыр.

АҢҚАУЛАР ҚАЙ ҚАЛАДА КӨП ТҰРАДЫ?

Ресми мәліметке жүгінсек, алаяқтардың тұзағына түсіп қалатын аңқаулар Астанада көп екен. Мысалы, 2025 жылдың 7 айында алаяқтыққа қатысты 3235 оқиға тіркеліпті. Одан кейінгі орында Қарағанды облысы (1925) тұр. Павлодар (1711) мен Қостанай (1283) соңғы орындарда орналасқан. Бұл статистикадан көргеніміздей, қылмыскерлерге алданып қалуда мәселе технологияда емес, аңқаулықта жатыр. Алаяқтар аса бір данышпандықпен алдау-арбаудың тәсілін ойлап таппайды, олар аңқау адамдардың сенімсіздігін, қорғансыздығын тап басып, үрей туғызу арқылы мақсатына жетпек.

SIM-КАРТАҢЫЗДЫҢ МЕРЗІМІ АЯҚТАЛДЫ!

Қазір ұялы телефон арқылы жасалатын алаяқтық қылмыстардың неше түрі шығып жатыр. Енді «Fingramota Online» мобильдік қосымшасының «Қаржы пирамидалары және қаржылық алаяқтық» бөлімі таратқан кез келген адамға қажетті ақпаратқа келейік. «Сізді ұялы байланыс операторы мазалап тұр, SIM-картаңыздың мерзімі аяқталып келеді. Егер алдын ала қамданбасаңыз, онда нөміріңіз бұғатталады. Қызметті ұзартқыңыз келе ме?» деп белгілі телекомпаниялардың жалған қызметкерлері азаматтарға қоңырау шалып, осындай сұрақтар қояды. Көптеген қазақстандық жыл басынан бері телефон арқылы жасалатын алаяқтықтың осы түріне тап болған.

– Егер сіз алаяқтардың сұрағына оң жауап берсеңіз, онда қоңырау шалушылар SMS-кодты айтуды және басқа да жеке деректерді беруді сұрайды. Оларға мұндай ақпарат жәбірленушінің банк шотын бұзу немесе оның атына жалған кредит ресімдеу үшін қажет. Сонымен қатар алаяқтар телефон шалған кезде адамды асықтырып, тезірек дегеніне жету үшін оларды қорқыта бастайды. Кодты бөгде адамдарға хабарлай отырып, пайдаланушы интернет-ресурста немесе байланыс операторының мобильді қосымшасында өзінің жеке кабинетіне кіруге рұқсат береді. Алаяқтар SIM-картаның виртуалды телнұсқасын жасай алады немесе қоңыраулар мен SMS-ті басқа нөмірге бағыттау қызметін қоса алады. Әрі қарай олар жәбірленушінің онлайн-банкингіне кіріп, жаңа қарыз алу, бөліп төлеуді ресімдеу, ақшаны дропперлердің (делдалдардың) шотына аудару сияқты өздеріне қажетті операцияларды опоңай жасай алады, – деп түсіндіреді мамандар.

Ал одан қалай сақтану керек? Егер олар құпиясөз, логин, SMS-код және басқа да жеке деректерді (ЖСН, жеке куәлік немесе төлқұжат нөмірі, төлем картасының деректемелері: картаның артқы жағындағы үш таңбалы код (CVV/CVC-код), оның нөмірі, қолданылу мерзімі және т. б. ақпаратты) сұраса, олар өзін кім деп таныстырса да, бөгде адамдарға сенбеңіз. Бейтаныс адамдардың нұсқауы бойынша вирустық, шпиондық немесе үшінші тараптарға құрылғыны қашықтан басқаруға мүмкіндік беретін қосымшаларды (мысалы, AnyDesk немесе TeamViewer) ешқашан жүктемеңіз.

WHATSAPP пен TELEGRAM-да ЖАСАЛАТЫН АЛАЯҚТЫҚ

Соңғы кездері елімізде кибершабуылдың жаңа түрі пайда болды. Танымал мессенджерлер немесе фишингтік электронды хаттар арқылы қызметкерлерге компанияның бастығы немесе басқа жоғары тұрған басшының атынан құпия ақпаратқа шұғыл қол жеткізуді тапсыра отырып, хабарлама жібереді. Алаяқтар психологиялық әдістерді қолдана отырып, басшылықтың беделін желеу етіп, қызметкерлерге қысым жасайды. Әлеуметтік инженерлер WhatsApp және Telegram аккаунттарына кіру үшін жәбірленушілерден жеке деректерді алуға ұмтылады. Осылайша, алаяқтар «телефонымды жоғалттым, сондықтан басқа нөмірден жазып отырмын, бұл жерде байланыс нашар» және тағы басқа сылтаулармен басқа адамның атынан әрекет жасайды. Алаяқтар ақшаны қайта жіберу, құпиясөзді, PIN-кодты немесе басқа жеке мәліметтерді хабарлау, «басшылық» тастаған сілтемені басу немесе сілтеме арқылы жаңа мүмкіндіктерді белсенді игеру, басқа әріптестерге хабарлама жіберу және тағы басқалар туралы өтініш жасауы мүмкін. Мұндай жағдайда не істеу керек? Мамандар хабарлама жіберушіні бұғаттай отырып, мұндай күмәнді хабарламалар мен хаттарды жауапсыз қалдыру керегін айтады. Қандай жағдай болса да олармен хат алмасуға, деректерді беруге, фишингтік сілтемелерге өтуге болмайды. Егер күмәндансаңыз, оның нөмірін өз бетіңізше теру арқылы хабарламалар кімнің атынан таратылатынын өзіңіздің басшыңыздан анықтап алған дұрыс. Шағым жіберу арқылы өз компанияңыздың қауіпсіздік қызметіне, сондай-ақ WhatsApp, Telegram-ға күдікті іс-қимыл туралы хабарлауды және аккаунтыңызды қорғауды күшейту үшін екі сатылы тексеруді қосуды ұсынамыз.

БІР КҮНДІК ЖАЛҒАН АККАУНТТАР

Қазір әлеуметтік желілерді ашып қалсаң: «Сізге шұғыл ақша керек пе? Қарызды бөліп төлей аласыз!», «100 мың теңгеден 3 млн теңгеге дейін кепілсіз, алдын ала төлемсіз несие рәсімдеуге көмектесеміз», «Кез келген сомаға несие береміз» деген мазмұндағы хабарламалар алдыңнан шығады. Негізінен алғанда, Instagramда бір күндік жалған аккаунт ашқан алаяқтар осылай әрекет етеді. Бір таңғаларлығы, әлгі алаяқтардың хабарламасына жауап берген аңқау адамдармен арадағы іс-қимыл мессенджерлер арқылы өрбиді. Қаскүнемдер ең алдымен WhatsApp арқылы хат алмасуды жөн көреді, онда хабарламалардың өзінен-өзі жоғалып кететін режимі бар және екі схеманың бірі бойынша әрекет етеді. Біріншісі – қолма-қол ақшамен берілетін несие ресімдеу. Қарызды ресімдеу мақсатында интернет-алаяқтар жәбірленушіден несиенің қажетті сомасын және жеке мәліметтерін: жеке басын куәландыратын құжаттың деректерін, төлем карточкаларының толық деректемелерін, шот нөмірлерін және т. б. нақтылайды. Алаяқтардың мақсаты – зардап шеккен адамға қарыз алушының қажеттілігінен едәуір асатын қарыз ресімдеу. Қаскүнемдерді әсіресе азаматтардың танымал онлайн несие беру ресурстарында жеке кабинетінің болуы қызықтырады. Олардың айтуынша, бұл ақпарат кредит ұйымдары жүз пайыз мақұлдайтын тиімді қарыз ресімдеу үшін қажет. Екінші схема – тауар несиелерін ресімдеу. «Несие делдалдары» хабарландыруға жауап берген қарыз алушылардың дербес деректерін алғаннан кейін алаяқтар өздерінің ұялы телефондарынан және бөгде тұлғаларда тіркелген нөмірлерді пайдалана отырып, электроника сатушыларының сайттарында тауарды таңдайды және қарыз алушының көмегімен оны несие алуға немесе бөліп-бөліп төлеуге ресімдейді. Бұл ретте алаяқтар өтінімді қарау үшін SMS-кодтар келетін өз нөмірлерін көрсетеді. Қаперде ұстайтын басты нәрсе, сізге банк қарыздарын немесе микронесиелерді тиімді шарттармен рәсімдеуді ұсынатын делдалдарға сенбеңіз, қарыз ресімдеу үшін ақшалай сыйақы бермеңіз. Бұл – алаяқтар.

«АҚШАМНЫҢ» АЖАР-КӨРКІ

Шапағат ӘБДІР



Қазақ журналистикасын зәулім бір қара шаңырақ деп алсақ, елордаңның «Астана ақшамы» газеті – үлкен үйден еншісін алып, бөлек отау құрып, жан-жағын ақ жайлауға айналдырған құтты мекен. Бас қаламыздың жасампаз өмір тынысын оқырмандарына сүйіншілеп отырған ұжымға өткен жылы 35 жыл толды. Алғашында «Ақмола ақиқаты» деп ашылған басылым бүгінде «Elorda Aqparat» атты іргелі ұйымға ұйысып отыр. «Ақшамда» әр жылдары еліміздің белгілі тұлғалары, мықты журналистер қызмет етті. Солардың ішінде атына да, затына да кір келтірмей, жасынан алған қаламына адал болып, ақ қағазды жайнамаз, қара сөзді Қағба қылып, бойын да, ойын да осы салаға қарай түзеп келе жатқан әріптес әпкеміз, «Астана ақшамы» газетінің ажарын ашып отырған Айгүл апайымыз мерейлі 60 жасқа толды.

Ол кісі – елордалық журналистиканың дамуына сүбелі үлес қосып келе жатқан тәжірибелі қаламгерлердің бірі. Оның шығармашылық жолында ерекше орын алатын ұжым да «Астана ақшамы» газеті. Бұл орта оның кәсіби тынысын тарылтпай, керісінше, шығармашылығын шыңдап, жаңа деңгейге көтерілуіне жол ашты. Мерейтой иесі бұл басылымда 15 жылдан астам уақыт табысты еңбек етіп келеді. Осы уақыт аралығында газет бетінде өзекті әлеуметтік мәселелерді көтеріп қана қоймай, оқырман көкейіндегі талай түйткілдің шешілуіне ықпал етті.

Қаламгер апайымыздың ұжымдағы орны айрықша екенін оның әріптестері де үнемі жоғары бағалап келеді. Бірге қызмет атқарған қаламдастар оның кәсіби шеберлігімен қатар, адами болмысына, ұжымдағы сыйластығы мен жанашырлығына ерекше құрметпен қарайды. Соның бір айғағы ретінде белгілі журналист, «Егемен Қазақстан» газеті бас редакторының орынбасары Талғат Батырханның кезінде айтқан сөзі көпшілік арасында кеңінен тарап, афоризмге айналып кеткен. Ол: «Мен «Астана ақшамы» газетінің ақыл-көркімін, ал Айгүл – осы басылымның ажар-көркі» деп бағалаған. Бұл сөздің астарында тек әзіл немесе теңеу ғана емес, Айгүл Мұхамедиярқызының ұжымдағы ерекше орнына берілген шынайы баға жатыр. Мақаламыздың тақырыбын дәл осылай атауымыздың өзіндік мәні бар. Бұл – қарымды қалам иесіне деген әріптестерінің ықыласы мен құрметінің көрінісі, оның «Астана ақшамы» ұжымындағы шынайы бейнесін айқындайтын символдық сипаттама. Бұдан бөлек, журналисттің қаламынан туған еңбектер де бір төбе. Оның «Дәнекер», «Айқожа ишан: әулеттің асыл мұрасы», «Ойтұмар», «Ізгілік жолы» сынды кітаптары – ұлттық құндылықтарды дәріптеп, тарихи-рухани мұраны жаңғыртуға бағытталған маңызды туындылар. Бұл еңбектерінде автор қоғам мен адам, руханият пен дәстүр сабақтастығын тереңнен қозғайды. Ол кісінің еңбегі мен терінің өтеуі де тегін болған жоқ. Ел ішінде кәсіби жетістіктері жоғары бағаланған. Сөзімізге ол кісінің этножурналистика саласындағы «Шаңырақ» шығармашылық байқауының лауреаты атанып, «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісіне ие болғаны дәлел. Сонымен қатар Қазақстан халқы ассамблеясының 20 және 25 жылдық мерекелік медальдарымен, бұдан бөлек, Астана қаласы әкімінің, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының және Қазақстан халқы ассамблеясының алғыс хаттарына ие болған. Журналисттің еңбегі медицина тақырыбындағы жарияланымдары арқылы да ерекше танылды. Ол «Altyn shipager» медицина сыйлығы аясында «БАҚ-та үздік жариялау» номинациясының жүлдегері атанды. Бұл марапат – оның денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелерді жүйелі түрде көтеріп, халыққа пайдалы ақпарат ұсынудағы еңбегінің жемісі.

Айгүл Уайс бұған дейін де түрлі ақпарат құралдарында жемісті қызмет атқарған. Атап айтқанда, Қазақстан халқы ассамблеясы жүйесіндегі «Достық-Дружба» журналының редакторы, «Жалын» республикалық журналының, сондай-ақ «Сақшы» мен «Өмір» басылымдарының белсенді авторы болды. Бұл кезеңдерде ол елдік мүдде, ұлттық бірлік, рухани құндылықтар тақырыптарын тұрақты түрде көтеріп, оқырманға ой салатын мақалалар жариялады. Сонымен қатар ол «Хабар» агенттігінің дубляж бөлімінде қазақ тілі бойынша аудармашы қызметін атқарып, тіл мәдениеті мен сапалы аударма ісіне өз үлесін қосты. Түркиядағы «Ахыска» газетінің қазақ тіліндегі нұсқасының редакторы ретінде де халықаралық деңгейде тәжірибе жинақтады. Бір сөзбен айтқанда, КазГУ-де білім алып, дүние төңкерілген 90-жылдары қаламын ұштаған, ескінің жақсысын іліп алып, жаңа қоғамға олжасын салып, жақсылардың сарқытын ішкен Айгүл Уайс – классикалық журналистиканың өкілі.

Әрине, 60 жасқа әркім келеді. Бірақ ол кісінің бұл белеске жетуі – жай ғана жас межесі емес, адал еңбектің, журналистикаға деген шексіз махаббаттың көрінісі. Өйткені жазған әр мақаласы әлеуметтің ахуалын айтып, руханияттың жоқшысы бола білді. Ұлтымыздың дәстүрлі рухани әлемін, дін мен тарихтың өзара сабақтастығын жан-жақты талдау – Айгүл Уайстың өзіне ғана тән басты ерекшелік. Ол «Құтты білік» сынды көне мұраларға сүйене отырып, діни ағартушылардың қазақ қоғамындағы орны мен мәртебесін ашты. Дәстүрлі ислам мен қазақ дүниетанымының тұтастығын көрсетуге еңбек сіңірді. Осы жолда ізденді, еңбектенді. Сондықтан да шығар оның еңбектерінде дін сырттан енген құбылыс емес, қазақтың болмысымен біте қайнасқан рухани жүйе ретінде сипатталады.

Жалпы мерейтой иесінің барлық еңбегін біріктіретін ортақ өзек – ұлттық һәм рухани жадты жаңғырту. Кеңес кезеңінде үзіліп қалған діни-танымдық сабақтастықты қайта жалғау, халық санасында сақталған құндылықтарды ғылыми публицистика тұрғысынан жүйелеу – оның шығармашылығының басты миссиясы. Жаһандану ғасырында, ұлттық құндылықтар кері шегінген кезде, қазығына қайта байлап, қазақ баласының аш өзегіне нәр беретін мақалалары бір төбе. Қазақы болмысымыз, отбасы құндылығы мәселелері Айгүл апайымызды ешқашан бей-жай қалдырған емес. Қай жерде адам тағдыры мен оның айтары болса өзі барып көріп, сөйлесу – журналистік міндеті. Сол тілшілік қызметпен түрме аралап, хоспистегі соңғы демін күтіп отырғандардан да ізгілік сәулесін іздеді. Бұдан бөлек, мерейтой иесінің: «Жалпы әр журналисттің өз жолы болады. Мен әу бастан телеарна мен радионы таңдаған жоқпын. Менің жүрегім жазуға жақын болды. Жазу – өмірімнің өрімі. Осы арқылы танымдық дүниелер жаздым, зерттедім, іздендім. Газеттің күнделікті шығармашылығын емес, оның шын есімі, тарихи тұлғасы туралы нақты деректерді өз заманымен байланыстыра анықтауға ерекше мән берді. Осы жолда ол – түрлі ғалымдармен сұхбаттасып, ел ішіндегі көнекөз қариялардың әңгімесін тыңдап, дерек көздерін салыстырып, бір жүйеге келтіруге тырысқан тұлға. Осы ізденістерінің бір нәтижесі ретінде қоғам қайраткері Қабылсаят Әбішевпен болған «Шортанбайдың шын аты кім?» атты сұхбатын айта аламыз. Сұхбат барысында бұрын көпшілікке беймәлім болып келген тың деректердің беті ашылып, ең бастысы, қымбат мұрадағы мәтін ішінде жазылған: «Мұны жазушы Ғали қожа... Шын атым Молла Ғали Мұхаммед» деген жолдар арқылы ақынның шын аты анықталды. Міне, дәл осы тұс зерттеудің жаңа бағытын ашып береді.

> Адам баласының жаратылысы әртүрлі болады ғой. Абай айтпақшы, бірі «ішсем, жесем» деп туса, енді бірі «көрсем, білсем» деп өмір кешеді. Сөйтіп жүріп тағдырдың тарам-тарам жолына түскен жандар әртүрлі мамандық иесі атанып, қоғамда өзіндік орнын табады. Солардың ішінде шыр айналған оттың ішінен шырпыдай арманын аман алып шығатын санаулы адамдар болады. Олар өз кәсібіне адалдықпен, жанкештілікпен қызмет етеді.

ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ДӘСТҮРЛІ РУХАНИ ӘЛЕМІН, ДІН МЕН ТАРИХТЫҢ ӨЗАРА САБАҚТАСТЫҒЫН ЖАН-ЖАҚТЫ ТАЛДАУ – АЙГҮЛ УАЙСТЫҢ ӨЗІНЕ ҒАНА ТӘН БАСТЫ ЕРЕКШЕЛІК. ОЛ «ҚҰТТЫ БІЛІК» СЫНДЫ КӨНЕ МҰРАЛАРҒА СҮЙЕНЕ ОТЫРЫП, ДІНИ АҒАРТУШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ОРНЫ МЕН МӘРТЕБЕСІН АШТЫ

«Руханиятқа қызмет ету – кез келген қалам иесіне бұйыра бермейтін бақ. Өзімді осы жолға алып келген тағдырыма әрдайым шүкір етемін. Өйткені бұл – мен үшін мамандық қана емес, ұлтқа қызмет етудің бір жолы. Кезінде студент атанбай тұрып, «Қазақстан пионері» газетіне шыққан әңгімем газеттің жас авторларының жинағына еніпті. Оқуға түскелі келгенімде жас талапкерлер сол жинақтың авторын түгендеп, «Айгүл Уайс деген кім?» деп іздей бастағанын естігенде, таңдаған жолым менікі екеніне көзім жете түсті. Біздің толқынның өмір жолы тақтайдай тегіс бола қойған жоқ. 90-жылдардың өтпелі кезеңі ел үшін де ауыр уақыт еді. Желтоқсан оқиғасы, Кеңес Одағының ыдырауы – бәрі біздің көз алдымызда өтті. Бір жағынан бұрынғы жүйе күйреп жатты, келешекке көзіміз жетпеді, болашаққа деген сенім бұлыңғыр-тын. Біз бір бағыт-бағдарсыз қалған құс сияқты күй кештік. Соған қарамастан, мен қаламымды тастамадым. Ақыры өз жолымды таптым».

Әрқашан қоғамның ақтаңдақтарын толтыруға асығатын Айгүл апайымыз «Kozhalar.kz – тарих, таным, тағылым» атты сайт ашты.

«Бұл – менің жүрегіме жақын тақырып. Өйткені біз жетпіс жыл бойы өз тарихымыздан ажырап қалдық. Қожалар институты туралы да көп нәрсе көмескі күйде қалған еді. Сол олқылықтың орнын толтырғым келді. Ғалымдардың еңбектерін жинақтадым, ел аузындағы әңгімелерді хатқа түсірдім. Мен үшін бұл – бір рудың емес, тұтас қазақ халқының руханиятын түгендеу» дейді кейіпкеріміз.

Шынында, журналист ретінде өзі бастап ашқан «Kozhalar.kz – тарих, таным, тағылым» бағытын ұстанған сайт Айгүл апайдың шығармашылық ізденісінің бір биік белесі деуге болады. Бұл – бір рудың немесе жекелеген әулеттің шежіресі ғана емес, тұтас қазақ халқының руханиятын түгендеуге бағытталған еңбек. Жетпіс жыл бодандықтың салдарынан өз тарихи тамырымыздан ажырап қалғанымыз белгілі. Осындай кезеңде рухани мұраны қайта жаңғырту – аса маңызды міндет. Апай – осы жауапкершілікті терең сезініп, бұл іске бар ынтасымен кіріскен журналист. Бұл туралы оның өзі де:

«Орта ғасыр жәдігерлерін айтпағанның өзінде, қожалар институтын зерттеу жұмыстары XVIII ғасырдан бастап, әсіресе орыс отарлауы кезінде жүйелі түрде қолға алынған. Орыс ғалымы Бартольдтан бастап, бүгінгі Сергей Абашин, американдық исламтанушы Девин Ди Уис, өзбек ғалымы Бахтияр Бабаджанов, өзіміздің шығыстанушы ғалым Әшірбек Момынов, тарихшылар Жамбыл Артықбаев сынды зерттеушілер осы тақырыпты жан-жақты қарастырған. Сондықтан бұл еңбектерді рушылдықтың шеңберінде емес, сәл биіктен қарап бағалауымыз керек» дейді. Автордың өзі атап өткендей, оның көтеріп отырған мәселесі – белгілі бір топтың емес, жалпыұлттық рухани мұраның тағдыры.


– Жалпы мен журналистикада жүріп көптеген жақсы адамдармен кездестім. Ұлтжанды азаматтармен бірге қызмет істедім. Солардан көп нәрсе үйрендім. Солардың бірі – Мұхтар Шаханов ағамыз. Бір кезде «Жалын» журналында бірге жұмыс істедік. Ал менің ең көп еңбек еткен, өзімді толық ашқан кезеңім – Қазақстан халқы ассамблеясы аясындағы «Достық-Дружба» журналында қызмет еткен жылдарым. Сол жерде жүріп тек журналист болып қана қойған жоқпын, түрлі ұлт өкілдерінің арасын жақындастыратын дәнекер болдым деп айта аламын. Өйткені мен сонда әртүрлі ұлт өкілдерімен араластым, олардың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін зерттедім. Бір сөзбен айтқанда, халық пен халықтың арасындағы рухани байланысты сезіндім. Кейін сол еңбектерімді жинақтап, «Дәнекер» деген кітап шығардым. Бұл атау да бекер қойылған жоқ – өзімді әрдайым адамдардың арасын жалғайтын көпір ретінде сезіндім, – дейді кейіпкеріміз.

Жалпы айтқанда, осы салада жүріп қара шашын ағартқан Айгүл Уайстың бұл еңбектері – жай ғана журналистік ізденістің жемісі емес, қоғамдағы татулық пен бірлікті нығайтуға бағытталған шынайы қызметтің көрінісі. Оның жұмысы тек журналистік қызмет аясында ғана емес, ұлт руханиятына қосылған сүбелі үлес ретінде бағалануға лайық.

№45 (4943) 18/04/2026 Сенбі

«КЕКІЛБАЕВ ТҰЛҒАСЫ» ТАНЫСТЫРЫЛДЫ





ҚР Мемлекеттік басқару академиясында қазақ руханиятының көрнекті өкілі, Қазақстанның Еңбек Ері, мемлекет және қоғам қайраткері, заңғар жазушы Әбіш Кекілбайұлының өмірі мен қызмет жолына арналған «Кекілбаев тұлғасы» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Райхан РАХМЕТОВА

Жиынға жазушының ұрпақтары, мемлекеттік органдар өкілдері, Парламент депутаттары, зиялы қауым, ғалымдар, қаламгерлер, қоғам қайраткерлері, мемлекеттік қызмет ардагерлері, сондай-ақ жазушыны қадір тұтатын оқырман қауым қатысты. Іс-шараның мақсаты – Әбіш Кекілбайұлының өнегелі өмір жолын, шығармашылық мұрасын, мемлекетшіл тұлғасын және ұлт руханиятына сіңірген өлшеусіз еңбегін кеңінен насихаттау. Жаңа кітапта қаламгердің әдеби мұрасы ғана емес, оның елдік мүдде жолындағы қайраткерлік келбеті, азаматтық ұстанымы, зиялылық болмысы мен тағылымды өмір жолы жан-жақты қамтылған. Жинаққа тұлға туралы естеліктер, замандастарының пікірлері мен мазмұнды деректер енгізілген. Кітаптың авторлары – Ұлан Айхожа, Абай Сейфулла. Бұл жоба – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жүзеге асырып келе жатқан «Тұлғатану» бағыты аясындағы игі бастамалардың жалғасы. Өткен жылы осы бастама шеңберінде жарық көрген «Сапарбаев тұлғасы» кітабы көпшілік тарапынан жылы қабылданған еді. Ал «Кекілбаев тұлғасы» кітабы – сол рухани сабақтастықтың жалғасы. Іс-шара барысында кітап таныстырылып, арнайы қонақтардың лебізі тыңдалды және салтанатты тұсаукесер рәсімі өтті. Жобаның жүзеге асуына қолдау көрсеткен ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы Дархан Жазықбай бұл игі іс одан әрі жалғасын табатынын жеткізді. Кітапта біраз ойын айтқан, кезінде Әбіш Кекілбаевпен бірге қызметтес болған мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов заңғар жазушының мемлекеттік қызметке араласуы арқылы билікті ізгіліктендіру, билікке интеллект кіргізу ісі жанданғанын атап өтті. Сенатор Бибігүл Жексенбай Сенат спикері Мәулен Әшімбаевтың осы тұсаукесерге арналған хатын оқыды.

Әбіштің бүкіл өмірі – сөзге адалдықтың, елге жанашырлықтың, ұлт мұратына қызмет етудің жарқын үлгісі. Сол бір дара жолын артындағы буынға үлгі етіп қалдырып кетті. 1996-2002 жылдары Мемлекеттік хатшы қызметін атқарған кезінде жаңа мемлекетке жаңа рухани бағыт беру, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру, тәуелсіздіктің тұрақты идеологиясын қалау сияқты үш іргелі шаруаны жүзеге асырып, жолға қойды. Оның ісін кейінгі хатшылар жалғастырды. Соның бірі – артынан ерген қызметтес інісі, мемлекет және қоғам қайраткері Қырымбек Көшербаев тұлғалардың мектебін қалыптастыру жолында жасалып жатқан бұл жұмыс өте қажет деді. Жалпы тұсаукесерге қатысушы зиялы қауым бұл еңбектің мазмұнын мемлекеттік қызметкерлерді даярлау ісінде ерекше өзекті деп бағалады.

– Бұл үрдіс уақыт талабымен үндес. Өйткені қазіргі мемлекеттік қызмет тек әкімшілік дағдылармен шектелмей, терең тарихи танымды, ұлттық жауапкершілікті және саяси парасатты қажет етеді. Бұл қасиеттердің барлығы Әбіш Кекілбайұлының тау тұлғасына табиғатынан тән болды. Кітапта жазушының тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңіндегі мемлекеттік басқару тәжірибесі, саяси мәдениет пен мемлекетшіл үлгісі кешенді түрде қамтылған. Ресми құжаттар, баяндамалар, естеліктер мен тарихи деректер негізінде абыз Әбіштің Парламенттегі қызметі, Мемлекеттік хатшы ретіндегі стратегиялық миссиясы, елдік мүдде мен қоғамдық келісімге қатысты ұстанымдары сараланып ұсынылды. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты – оның қайраткерлік болмысын бүгінгі мемлекеттік басқару жүйесімен сабақтастыра отырып, тәжірибесін нақты қолданбалы деңгейге шығару. Кітапта басымдық берілген құндылықтар – жауапкершілік, ұлттық мүддеге адалдық, дерекке сүйеніп шешім қабылдау, популизмнен биік тұратын саяси мәдениет, мәмілегерлік пен парасат бүгінгі мемлекеттік аппарат үшін нақты тәжірибелік модель бола алады. Әсіресе тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде мемлекеттік институттарды қалыптастырудағы Әбіш Кекілбайұлының рөлі ерекше назар аударуды қажет етеді, – дейді кітап редакторларының бірі, PhD докторант, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Бақытбай Жайлау.

Оның айтуынша, авторлар құрамы Әбіш Кекілбайұлының мемлекетшіл ойлау үлгісіне ерекше мән берген. Жазушының әрбір шешімі мен көзқарасының түбінде ұлттық мүдде, тарихи жауапкершілік және қоғамдағы тұрақтылыққа деген ұмтылыс жатыр. Сондықтан бұл кітапты мемлекеттік қызмет этикасы мен саяси мәдениеттің оқу құралы ретінде қарастыруға әбден болатыны айтылды. Осы арқылы жас буынға мемлекетке қызмет етудің нақты стандартын ұсынылады, ал тәжірибелі кадрлар үшін кәсіби рефлексия алаңы қалыптастырылады.

Аталған еңбекті мемлекеттік қызметкерлердің, кадр резервіндегі тұлғалардың және сайланбалы органдарға кандидаттардың кәсіби білігін арттыру жүйесіне енгізу жоспарлануда. Оқу бағдарламаларына қосу, арнайы дәрістер мен семинарлар ұйымдастыру, кейс-стади форматында практикалық сабақтар әзірлеу – бұл бағыттағы негізгі қадамдар. Сонымен қатар дөңгелек үстелдер, пікірталас алаңдары, тақырыптық кездесулер арқылы қайраткер мұрасын кеңінен талқылау да көзделуде. Мұның бәрі мемлекеттік қызметкерлердің саяси мәдениетін арттырып, басқарудағы стратегиялық ойлау мен жауапкершілікті күшейтуге бағытталған.

Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасының Әбдіжәміл Нұрпейісов атындағы оқу залында Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен көрнекті композитор, дирижёр, музыка зерттеушісі, Қазақстанның халық әртісі, академик Ахмет Жұбановтың туғанына 120 жыл толуына арналған «Ахмет Жұбанов – қазақ халқының мақтанышы» атты әдеби-музыкалық кеш өтті.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫ



Іс-шараға мәдениет және өнер қайраткерлері, күй зерттеушілері, кітапхана қызметкерлері мен студенттер қатысты. Қазақстан Жазушылар одағы Астана қалалық филиалының басшысы Бауыржан Бабажанұлы мен Ахмет Жұбановтың шөбересі, пианист әрі ұстаз Карина Измаилова арнайы қонақ болды. Офлайн және онлайн форматта ұйымдастырылған кешті Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері Жоламан Тұрсынбаев жүргізді. Еліміздің өзге өңірлеріндегі өнерсүйер қауым Zoom платформасы арқылы қосылып, белсенді қатысты.

Кеш барысында Ахмет Жұбановтың өнегелі өмір жолы мен өнердегі мұрасы жан-жақты таныстырылып, оның шығармашылық еңбектері арнайы экран арқылы көпшілік назарына ұсынылды. Ұлттық музыка өнерінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан тұлғаның еңбектері кеңінен насихатталды.

– Қазақ музыка өнерінің негізін қалаушылардың бірі Ахмет Жұбановтың жетекшілігімен жүргізілген ғылыми экспедициялар барысында мыңдаған халық әндері мен күйлері жиналып, зерттелді. Осы арқылы ол қазақтың дәстүрлі музыкасын сақтап қана қоймай, оны ғылыми жүйеге түсіріп, келер ұрпаққа аманат етті. Оның бастамасымен құрылған Құрманғазы атындағы Қазақ халық аспаптар оркестрі ұлттық музыка өнерін жаңа деңгейге көтерді, – деді кітапхана директоры Күміс Сейітова.

Кітапхана қорында Ахмет Жұбановтың «Ғасырлар пернесі», «Замана бұлбұлдары», «Музыка әліппесі», «Құрманғазы» атты еңбектері, күйтабақтары сақталғаны айтылды. Ерекше құнды мұралардың бірі – кітапханадағы Хамит Ерғалиев қорында сақталған Ахмет Жұбановтың 1960 жылы жарық көрген «Құрманғазы» кітабының автор қолтаңбасы қойылған нұсқасы. Қазақстандық ұлттық электронды кітапхана қорында Ахмет Жұбановтың өмірі мен шығармашылығына арналған мақалалар, ғылыми конференция материалдары, әндер, романстар, хорлар мен ноталардың электронды нұсқалары жинақталған. Олар – ұлттық музыка мұрасын терең зерттеуге мүмкіндік беретін құнды дереккөз.

КІТАП ҚОРЫ МӘСЕЛЕСІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінде елорда кітапханаларының кітап қорын толықтыру жөніндегі жұмыс тобының отырысы өтті.



Жиынға зиялы қауым өкілдері, мемлекет және қоғам қайраткерлері, әдебиет пен ғылым саласының көрнекті өкілдері, ақын-жазушылар, атап айтқанда, Сауытбек Абдрахманов, Дихан Қамзабекұлы, Бақытжан Оразалиев, Жанат Әскербекқызы, Марат Әбсеметов, Әлібек Асқар, Дәулеткерей Кәпұлы, Қуаныш Жиенбай, Бауыржан Бабажанұлы, Нұрлан Қалқа, Төлен Тілеубай, Қанат Әбілқайыр, Мақпал Жұмабай, Азамат Кеңесұлы, сондай-ақ кітапхана ісінің мамандары мен жастар өкілдері қатысты. Отырыс барысында кітап қорын оқырман сұранысына сәйкес жүйелі түрде толықтыру, заманауи көркем әдебиетпен, отандық және шетелдік бестселлермен, ғылыми-танымдық, балалар мен жасөспірімдерге арналған басылымдармен толықтыру бағытындағы тақырыптар талқыланды. Аталған жұмыстар елорданың мәдени-интеллектуалдық әлеуетін арттыруға, тұрғындардың сапалы әдебиетке қолжетімділігін кеңейтуге және кітап оқу мәдениетін дамытуға арналған.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 45
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Райхан РАХМЕТОВА